

Қаратал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 07 мамырдағы N 24-105 "Табысы аз отбасыларына(азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 16 қыркүйектегі N 27-116 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 қыркүйекте N 2-12-124 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2010 жылғы 02 наурыздағы N 33-156 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2010.03.02 N 33-156 Шешімімен

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабының 3-тармағына сәйкес, Қаратал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қаратал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 07 мамырдағы N 24-105 "Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу туралы" (2009 жылдың 10 маусымында нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2-12-109 нөмірімен тіркелген, 2009 жылдың 19 маусымында "Қаратал" газетінің 26 нөмірінде жарияланған) шешімінің қосымшасына төмендегідей өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

2-тармағындағы "тұрғын үй көмегі сол жерде тұрақты тұратын және тұрғын үйдің иесі (жалдаушысы) болып табылатын" деген сөздерден кейін "немесе тіркелген мекен-жайда тұрақты тұратын, егер де учаскелік комиссияның қорытынды актісінде көрсетіліп, расталған болса" деген сөз тіркесімен толықтырылсын және "азық-түлік себетінің құнынан" деген сөздер "ең төменгі күнкөріс деңгейінің шегінен" деген сөз тіркесімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы:

Л.И. Котова

Мәслихат хатшысы:

М.Н. Рақымбаев

